Одағайға байланысты жаттығулар

1-жаттығу. Берілген одағай сөздермен сөйлем құраңыз.

Алақай, қап, мә, жә, ойбай, бәрекелді, әй, уһ, ал.

2-жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті одағай сөздерді қойыңыз.

1. ... ауылдан әжем келеді! 2. ..., кітапты ал! 3. ..., осыда айтқаның жеткілікті! 4. ..., бұл не деген бассыздық! 5. ..., не істеп жатырсың?! 6. ..., қателескенімді айтсаңшы! 7. ..., жаным – ай қатты шаршадым!

3-жаттығу. Берілген тақпақ жолдарынан одағайды табыңыз.

О, шіркін, ғажапсың-ау, көңіл деген!
Жартас жоқ толқыныңа көмілмеген.
Құлдырап құламаған құзың да жоқ,
Қыран боп шырқамаған кезің де кем.

(Ж.Молдағалиев)

Бүгін, менің туған күнім, ой, бәле-ай!
Мына адамдар неге жатыр тойламай?
Банкет жасап берер едім өзім – ақ,
Тәңірдің бір жарытпай-ақ қойғаны –ай!

(М.Мақатаев)

4-жаттығу. Төмендегі сөйлемдердегі одағайдың астын сызып, орыс тіліне аударыңыз.

1. Әй, шырағым, ар жағыңда әкең тұр, әуелі соған сәлем бер. 2. Жә, қой деймін, бала! 3. Алақай., әжем ауылдан қонаққа келді! 4. Ойпырым-ай, мынау не деп тұр!- деді атам. 5. **А**һылап, үһілеп әзер жеттім. 6. Ойпырым-ай, мынау не деп отыр өзі?

5-жаттығу. Екінші бағаннан сәйкесін табыңыз.

Қой	*шөре-шөре*
Жылқы	*әукім-әукім*
Түйе	*құрау-құрау*
Ешкі	*көс-көс*
Сиыр	*пұшайт-пұшайт*